



«АККРЕДИТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

КОММУНИКАЦИОННАЯ СТРАТЕГИЯ

2022-2026

Нұр-Сұлтан қ.
2022 ж.

Редакциялық алқа:

под общей редакцией Жумагуловой А.Б., Яновской О.А., Кыдырминой Н.А.

IAAR-дың 2022–2026 жылдарға арналған коммуникациялық стратегиясы. – Нұр-Сұлтан қ.: «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ, 2022. – 16 б.

IAAR-дың коммуникациялық стратегиясы мақсатты аудиторияны – жоғары оқу орындарын, студенттер мен жұмыс берушілерді тиімді қамту үшін әзірленді. IAAR-дың коммуникациялық стратегиясы негізгі мүдделі тараптарға зерттеулердің өзекті тақырыптарын тереңірек талдауға, жоғары оқу орындарының қызметін жетілдіруге және аккредиттеу агенттіктерінде сапа мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді.

Коммуникациялық стратегия Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне, жоғары оқу орындарына, аккредиттеу органдарына, сараптамалық және академиялық қауымдастыққа, жұмыс берушілерге, студенттерге, сондай-ақ білім беру сапасын арттыруға және білім беру ұйымдарының тиімді дамуына мүдделі барлық тараптарға арналған.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR)

010000, Қазақстан Республикасы,

Нұр-Сұлтан қ., Бауыржан Момышұлы даңғылы, 2, ВП-4Г

E-mail: iaar@iaar.kz

Сайт: iaar.agency

Мақсатты аудиторияны тиімді қамтуға арналған коммуникациялық стратегия

1. Жалпы сипаттама

IAAR-дың коммуникациялық стратегиясы – әлеуметтік өзара іс-қимылдың перспективалық жоспары. Оның мақсаты – коммуникациялық ортадағы тақырыптық талдау бағыттары бойынша халықаралық аккредиттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жоғары оқу орындары, студенттер және жұмыс берушілермен қажетті деңгейде коммуникация орнату.

IAAR-дың коммуникациялық стратегиясы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің жағымды имиджін қалыптастыруға бағытталған. Коммуникациялық стратегия – бұл Агенттіктің сыртқы ортаға, яғни стейкхолдерлерге кешенді ықпалы, оның мақсаты – аккредиттеу қызметтері нарығында тұрақты қызметті қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар құру және мақсатты аудиторияны тиімді қамту. Бұл – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің барлық жүйе субъектілерімен: жоғары оқу орындары, студенттер және жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл шеңберінде коммуникативтік құралдар кешенін пайдалану негізінде болашаққа арналған іс-қимыл қадамдары.

Коммуникациялық стратегия IAAR тарапынан білім беру қызметтері нарығында тәуелсіз аккредиттеуді табысты ілгерілету, сондай-ақ мүдделі тараптармен: ЖОО-лармен, студенттік қауымдастықпен, жұмыс берушілермен және жалпы академиялық ортамен кең көлемде өзара іс-қимыл жасау үшін әзірленді. Агенттіктің коммуникациялық стратегиясы білім беру қызметтері нарығымен сенімді әрі нақты жұмыс істейтін коммуникация жүйесі болып табылады.

Коммуникациялық стратегияның басты мақсаты – IAAR имиджін ілгерілету және кері байланыс орнату үшін мақсатты аудиториямен тиімді ақпарат алмасу жүйесін қалыптастыру. Коммуникативтік саясат аясында білім беру нарығында аккредиттеу қызметтеріне деген сұранысты зерделеу және оларды ілгерілету бойынша тұрақты әрі тиімді қызметті қамтамасыз ету көзделеді. Бұл өз кезегінде стейкхолдерлердің қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға, сондай-ақ коммуникациялық орта өкілдерімен – жоғары оқу орындарының қызметкерлерімен, студенттермен және жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл арқылы нақты мәселелерді шешуге бағытталған.

Коммуникациялық стратегияның негізгі міндеті – Агенттіктің даму стратегиясы мен имиджіне ақпараттық қолдау көрсету, сонымен қатар

мақсатты аудиторияны: білім беру ұйымдарын, жұмыс берушілерді және студенттерді қамту.

IAAR Коммуникациялық стратегиясының негізгі міндеттері:

- мақсатты аудитория арасында тақырыптық талдауға қызығушылық пен оның практикалық пайдалығын арттыру жолдарын зерттеу;
- IAAR-дың танылуын қамтамасыз ету және мақсатты аудиториялардың қызығушылығын арттыру;
- жаңа серіктестер мен жоғары оқу орындарын тарту;
- IAAR-дың және оның қызметкерлерінің мәртебесін барлық негізгі мүдделі тараптар алдында көтеру;
- білім беру кеңістігінің қамтылуын кеңейту арқылы сапа мәдениетін ілгерілету және коммуникацияға қатысушылардың реалдылықты қабылдауына қатысты көзқарастарын қалыптастыру.

Коммуникациялық стратегия үш құрамдас бөліктен тұрады:

- IAAR-дың білім беру қызметі субъектілерімен коммуникациясы (оқытушылар, студенттер, жұмыс берушілер);
- қоғаммен байланыс — IAAR-дың коммуникациялық орта өкілдерімен (жоғары оқу орындары, студенттер, жұмыс берушілер, академиялық қауымдастық) өзара әрекеті;
- жарнама — бұқаралық ақпарат құралдары арқылы IAAR коммуникациясы; әрбір медиаға сәйкес жарнамалық құралдар мен арналарды (арналар, басылымдар және т.б.) таңдау, сондай-ақ жалпы коммуникациялық стратегиядағы әр бағыттың рөлін айқындау.



1-сурет. Коммуникациялық стратегияның элементтері

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚҰРЫЛЫМЫ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің дамуының негізгі элементі төмендегілерді қамтиды:



2-сурет. Коммуникациялық стратегияның құрылымы

Коммуникациялық стратегия – бұл мақсатты аудиторияларға ықпал етудің ең тиімді құралдарының жиынтығы және осы құралдарды пайдалануға арналған тақырыптық талдау жоспары.

Коммуникациялық стратегияны кәсіби тұрғыда әзірлеу мен оны тиімді енгізу Агенттіктің мақсатты аудиториямен тұрақты және сенімді байланысын қамтамасыз етеді. Практика жүзінде бұл IAAR бренді, білім беру қызметтері нарығы мен тұтынушылар – білім алушылар туралы нақты және сенімді ақпаратқа негізделген жоспардың тиімді екенін білдіреді. Сондықтан Агенттіктің коммуникациялық стратегиясы білім беру жүйесінің жағдайын, білім беру қызметтері нарығын, мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін және бәсекелестік ортаның деңгейін жан-жақты зерттеуден басталады.

3. КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ

IAAR Коммуникациялық стратегиясының негізгі кезеңдері мыналарды қамтиды:



3-сурет. Коммуникациялық стратегияның кезеңдері

Коммуникациялық стратегияны әзірлеу нәтижесінде коммуникациялық микс (промоушн микс) аясында кезең-кезеңімен іске асырылатын іс-шараларды қамтитын қадамдық жоспар жасалады:

- 1-қадам.** IAAR-дың медиа-активтілігінің ағымдағы жағдайына талдау жасау.
- 2-қадам.** IAAR қызметіне SWOT-талдау жүргізу.
- 3-қадам.** IAAR-дың мақсатты аудиториясын айқындау.
- 4-қадам.** Бәсекелестік ортаны және өзара іс-қимыл тәсілдерін анықтау.
- 5-қадам.** Мақсатты аудиториялар үшін негізгі хабарламаларды қалыптастыру.
- 6-қадам.** Ақпараттық себептердің (инфоповодтардың) күнтізбесін әзірлеу.
- 7-қадам.** Мақсатты аудиториялармен коммуникация арналарының түрлерін таңдау.
- 8-қадам.** Баспасөз релизін дайындау және БАҚ базасын қалыптастыру.
- 9-қадам.** БАҚ-пен өзара іс-қимыл: ақпарат жинау және кері байланыс орнату.
- 10-қадам.** Коммуникациялық стратегияны іске асырудың тиімділігіне талдау жүргізу.

1-ҚАДАМ. ІААР-ДЫҢ МЕДИА-АКТИВТІЛІГІ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ

(телеарналар, радио, ақпарат агенттіктері, БАҚ: интернет, басылымдар)

1. Қазақстан Республикасында және шетелде аккредиттеу рәсімдерін өткізу.
2. Ұйымдастырылған оқыту семинарлары мен тренингтердің саны.
3. БАҚ-та жарияланған мақалалардың саны.
4. Өткізілген сұхбаттар мен сауалнамалардың саны.
5. ІААР ұйымдастырған іс-шаралар.
6. Презентациялар мен кездесулердің саны.
7. Форумдар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және вебинарларға қатысу.

2-ҚАДАМ. ІААР ҚЫЗМЕТІНЕ SWOT-ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ



3-ҚАДАМ. ІААР МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯСЫН АЙҚЫНДАУ

- ЖОО, колледждер, мектептер, қосымша білім беру орталықтары
- Оқытушылар, білім алушылар, жұмыс берушілер
- Пікір көшбасшылары – сарапшылар (Агенттіктің имиджін қолдайды)
- Стратегиялық серіктестер (шетелдік агенттіктер)
- Кәсіби қауымдастықтар (тәжірибе алмасу)

➤ **Мемлекеттік органдар (қолдау көрсету)**

4-ҚАДАМ. БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТАНЫ ЖӘНЕ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТӘСІЛДЕРІН АНЫҚТАУ

(бұл ретте бәсекелестік орта IAAR-дың даму ортасы ретінде де қарастырылады)

- **Аккредиттеу агенттіктері (ұлттық және шетелдік);**
- **Білім беру ұйымдары;**
- **Өзара іс-қимыл орнату мақсатында бәсекелестердің байланыс деректер базасын қалыптастыру.**

5-ҚАДАМ. МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯЛАР ҮШІН НЕГІЗГІ ХАБАРЛАМАЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

(негізгі хабарламалар IAAR мақсаттарына негізделеді, басты идеяларды бейнелейді және мақсатты аудиториялардың мүдделеріне жауап береді)

<u>МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ӨКІЛДЕРІ</u>	<u>ШКІР КӨШБАСШЫЛАРЫ (САРАПШЫЛАР)</u>
<p>IAAR – жетекші агенттік, ҚР БҒМ және Қырғыз Республикасының БҒМ тізілімдеріне енгізілген.</p> <p>IAAR халықаралық сапа желілері мен қауымдастықтарының мүшесі.</p> <p>IAAR білім сапасы мәдениетін ілгерілету мақсатында ҚР БҒМ және шетел мемлекеттерінің уәкілетті органдарымен өзара ынтымақтастық орнатқан.</p>	<p>IAAR сарапшыларды даярлау мақсатында тегін семинарлар өткізеді.</p> <p>IAAR «Education.QA» журналын шығарып, мақалаларды тегін жариялайды және таратады.</p> <p>IAAR жыл сайын білім сапасын қамтамасыз ету мәселелеріне арналған Орталық Азия халықаралық форумын ұйымдастырады.</p>
<u>БАҚ</u>	<u>ПАРТНЕРЫ</u>
<p>IAAR – аккредиттеу сапасының кепілі.</p> <p>IAAR – жоғары оқу орнының деңгейін айқындайтын беделді ұйым.</p> <p>IAAR – жоғары рейтингке ие агенттік.</p>	<p>IAAR серіктестерімен бірлесіп іс-шаралар мен семинарлар ұйымдастырады.</p> <p>IAAR серіктестерімен бірге бірлескен аккредитация рәсімдерін жүргізеді.</p> <p>IAAR серіктестері ұйымдастыратын іс-шараларға белсенді қатысады</p>

6-ҚАДАМ. АҚПАРАТТЫҚ ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІН ӘЗІРЛЕУ

(IAAR белсенділігі)

Ақпараттық оқиғаларды қалыптастыратын негізгі іс-шаралар:

- **Орталық Азия білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Халықаралық форумды жыл сайын өткізу.**
- **Сарапшылардың біліктілігін арттыруға арналған оқыту семинарларын ұйымдастыру.**
- **ЖОО-ларға арналған семинарлар мен тренингтерді өткізу.**
- **Ел ішінде және шетелде өткізілетін білім көрмелері мен халықаралық конференцияларға қатысу.**
- **ЖОО ұйымдастырған мерейтойлық конференциялар мен іс-шараларға қатысу.**
- **Вебинарлар, бизнес-таңғы астар және стейкхолдерлермен онлайн-кездесулер өткізу.**
- **Уәкілетті органдар ұйымдастырған жиналыстар мен алқалы іс-шараларға қатысу.**
- **ЖОО мен уәкілетті органдарға арналған презентациялар өткізу.**
- **Тақырыптық талдау мақалаларын жариялау және БАҚ-та сөз сөйлеу.**
- **Теледидар мен радио бағдарламаларына қатысу.**
- **IAAR-дың фейсбук және басқа әлеуметтік желілеріндегі парақшаларда тақырыптық талдау нәтижелері мен өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат орналастыру.**
- **IAAR ғылыми журналы «Education. Quality Assurance»-ды мақсатты аудитория арасында танымал ету және таныстыру.**

Коммуникациялық стратегияны дұрыс әзірлеу – табыстың жартысы. Көрсетілетін қызметтерді сауатты түрде таныстыру немесе әлеуетті тұтынушылардың қажеттіліктеріне бейімдеу өте маңызды.

Маркетингтік даму кезеңі келесі қадамдардан тұрады:

- **Мақсатты аудиторияны талдау.**
- **Нарықты талдау.**
- **Бәсекелестік артықшылықтар.**
- **Баға саясаты.**
- **Қосымша құндылық.**
- **Ұсыныстың бірегейлігі.**
- **Күтілетін нәтижеге кепілдік.**

**КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ
МАҚСАТЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫПТЫҚ ТАЛДАУ ІС-ШАРАЛАРЫНЫҢ
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ
2022–2026 жылдарға арналған**

Зерттеу тақырыптары	Іс-шаралар кешені	Жауаптылар	Мерзімдері мен нәтижелері
2022 жыл			
<p>1. Жоғары оқу орындарындағы студентке бағытталған оқытуды талдау және бағалау</p>	<p>1. Студенттер мен ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамына сауалнама жүргізу және нәтижелерін өңдеу.</p> <p>2. Оқытушылар мен студенттер арасында анкеталық зерттеу өткізу.</p> <p>3. Аккредиттеу рәсімін өткізу кезінде сарапшылар ұсынған студентке бағытталған оқыту бойынша деректерді талдау және шолу жасау. Аналитикалық шолу шығару.</p> <p>4. Орталық Азия халықаралық форумында «Студентке бағытталған оқыту жағдайында білім беру сапасын басқару» тақырыбында панельдік сессия дайындау және өткізу.</p> <p>5. Студентке бағытталған оқыту мәселелері бойынша журналда және БАҚ-та мақалалар мен сұхбаттар дайындау.</p>	<p>Сарапшылар Координаторлар</p> <p>Кыдырмина Н.А. Сарапшылар Координаторлар</p> <p>Яновская О.А. Кыдырмина Н.А.</p> <p>Ниязова Г.Б.</p> <p>Яновская О.А. Кыдырмина Н.А.</p>	<p>Аналитика</p> <p>Жыл бойы — Мониторинг</p> <p>Желтоқсан — Аналитика Есеп Брошюра шығару</p> <p>Қыркүйек — Форум бағдарламасы Баспасөз релизі Резолюция Презентациялар Қатысушыларға сертификаттар Мақалаларды Education.QA журналы мен басқа басылымдарда жариялау</p>

2023 жыл

<p>2. Оқу нәтижелеріне бағытталған тәсілдерді (learning outcomes approach) тақырыптық талдау жүргізу</p>	<p>1. Нысаналы аудиторияны сауалнама негізінде талдау арқылы ағымдағы жағдайды бағалау</p> <p>2. Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдері мен әдістерін зерделеу</p> <p>3. Оқытудың тиімділігін бағалау модельдерін талдау</p> <p>4. Бағалау критерийлері мен әдістері туралы алдын ала хабардар ету тетіктерін зерттеу</p> <p>5. Білім мен дағдыларды бағалауға арналған параметрлер мен сапалық көрсеткіштері бар білім беру бағдарламалары пәндерінің бағалау материалдарын, сондай-ақ олардың күтілетін оқу нәтижелерін зерттеу</p> <p>6. «Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдері» тақырыбында брошюраға арналған материалдарды дайындау</p> <p>7. Тақырыптық талдау бойынша мақалаларды әзірлеу</p>	<p>Яновская О.А. Кыдырмина Н.А. Сарапшылар</p> <p>Яновская О.А. Кыдырмина Н.А. Қызметкерлер Сарапшылар</p> <p>Яновская О.А. Кыдырмина Н.А. Қызметкерлер Сарапшылар</p> <p>Сарапшылар</p> <p>Сарапшылар Координаторлар</p> <p>Яновская О.А. Кыдырмина Н.А.</p> <p>Яновская О.А. Кыдырмина Н.А.</p>	<p>Жыл бойы — Аналитика</p> <p>Жыл бойы — Аналитика</p> <p>Жыл бойы — Мониторинг</p> <p>Жыл бойы — Аналитика (веб-сайтта жариялау)</p> <p>Education.QA журналында мақалалар жариялау</p> <p>Буклет пен аналитикалық есеп шығару</p> <p>БАҚ-та жариялау</p>
--	--	---	--

2024 жыл

<p>3. Жоғары оқу орындарындағы инклюзивті білім берудің дамуын талдау және бағалау</p>	<p>1. Білім алушылар мен оқытушыларға арналған сауалнама әзірлеу</p> <p>2. Студенттер мен оқытушылар арасында сауалнама жүргізу</p> <p>3. Аккредиттеу рәсімін өткізу барысында сарапшылар ұсынған деректерді талдау және шолу</p> <p>4. Білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі VIII Орталық Азия халықаралық форумында «Білім беру ұйымдарындағы инклюзивті оқытуды дамыту» тақырыбында панельдік сессияны ұйымдастыру және өткізу</p> <p>5. Инклюзивті білім беруді дамыту мәселелері бойынша мақалалар жариялау</p> <p>6. Білім беру ұйымдары үшін семинарлар өткізу</p> <p>7. «ЖОО-дағы инклюзивті білім берудің дамуын талдау және бағалау» атты брошюра әзірлеу</p>	<p>Яновская О.А., Қыдырмина Н.А.</p> <p>Сарапшы координаторлар</p> <p>Яновская О.А., Қыдырмина Н.А.</p> <p>Яновская О.А., Қыдырмина Н.А.</p> <p>Яновская О.А., Қыдырмина Н.А.</p> <p>Сарапшылар Координаторлар</p> <p>Яновская О.А., Қыдырмина Н.А.</p>	<p>2024 жылғы қаңтар</p> <p>Жыл бойы — сауалнама жүргізу</p> <p>2024 жылғы желтоқсан — Талдау есебін жариялау Ақпаратты веб-сайтта орналастыру</p> <p>2024 жылғы қазан — БАҚ-та талқылау Резолюция қабылдау. Education.QA журналында және жинақта баяндама мен мақалаларды жариялау</p> <p>Education.QA журналында мақалалар жариялау</p> <p>Қатысушыларға сертификаттар табыстау</p> <p>Буклет шығару</p>
--	--	---	--

2025 жыл

<p>4. Білімді цифрландыру, ІТ-технологияларды енгізу</p>	<p>1. Цифрландырудың қазіргі даму жағдайын талдау</p> <p>2. Білім беру және ғылыми қызметте жасанды интеллектіні пайдалану мониторингі</p> <p>3. Конференциялар мен семинарларға қатысу</p> <p>4. «Білім беруді цифрландыру аналитикасы» материалдарын дайындау</p> <p>5. Ғылыми этика және академиялық журналдарды дамыту мәселелері бойынша халықаралық конференциялар, воркшоптар және кәсіби семинарларға қатысу</p> <p>6. Алынған тәжірибелерді журнал қызметі мен аналитикалық жобаларға енгізу</p> <p>7. Білім беру қызметтері нарығындағы өзгерістерді талдау (тұтынушылардың мінез-құлқы мен қалаулары, нарық көлемі, инновациялардың әсері)</p> <p>8. Жарияланымдар мен презентацияларға арналған материалдарды дайындау</p>	<p>Сарапшылар Координаторлар</p> <p>Кыдырмина Н.А., Сарапшылар</p> <p>Қызметкерлер Сарапшылар</p> <p>Яновская О.А.</p> <p>Яновская О.А., Кыдырмина Н.А.</p> <p>Яновская О.А., Кыдырмина Н.А.</p> <p>Сарапшылар</p> <p>Яновская О.А. Сарапшылар Координаторлар</p>	<p>Сауалнама Мониторинг</p> <p>Сауалнама, Мониторинг</p> <p>Жарнамалар Сұхбаттар</p> <p>Буклет</p> <p>Әлеуметтік желілерде ақпарат орналастыру</p> <p>Жарияланымдар, Сайттағы материалдар</p> <p>Талқылау</p> <p>Education.QA журналында және басқа басылымдарда мақалалар жариялау</p>
--	--	---	---

2026 жыл

<p>5. Ұйымдағы тәуекелдерді басқару</p>	<p>1. Агенттік пен жоғары оқу орындарындағы ағымдағы жағдайды бағалау</p> <p>2. Нарықты талдау. Агенттіктегі жағдайды бағалау. Күшті және әлсіз жақтарды анықтау. Бәсекелестердің іс-әрекеттерін тұрақты бақылау</p> <p>3. Білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі X Орталық Азия халықаралық форумында «Цифрландыру және жасанды интеллектінің білім беруге әсері» тақырыбында панельдік сессия ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ БАҚ-та ашық форматта талқылау</p> <p>4. Білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі X Орталық Азия халықаралық форумына спикерлерді шақыру</p> <p>5. IAAR тәуекелдерді басқару саясатын әзірлеу</p> <p>6. Сыртқы және ішкі тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді зерделеу</p> <p>7. Тәуекелдер картасын әзірлеу</p>	<p>Яновская О.А. Координаторлар Сарапшылар</p> <p>Яновская О.А. Қызметкерлер Сарапшылар</p> <p>Яновская О.А. Координаторлар</p> <p>Яновская О.А.</p> <p>Сарапшылар</p> <p>Яновская О.А.</p>	<p>Сауалнама негізінде талдау және бағалау</p> <p>Талқылау Бекіту</p> <p>Бағдарлама Пресс-релиз Резолюция Education.QA журналында және Форум жинағында баяндамалар мен мақалаларды жариялау БАҚ-қа сұхбаттар</p> <p>Презентациялар, Баяндамалар</p> <p>Мониторинг</p> <p>Талқылау</p> <p>Талқылау Бекіту</p>
---	---	---	--

	<p>8. Агенттік қызметкерлері мен сарапшылары үшін тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша оқыту семинарын өткізу</p> <p>9. Жоғары оқу орындарындағы тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша мақалалар дайындау және жариялау</p> <p>10. Агенттіктің даму бағытының болжамын әзірлеу</p>	<p>АтыгаеваБ.А. Қызметкерлер Сарапшылар</p> <p>Сарапшылар Координаторлар</p> <p>Қызметкерлер Сарапшылар</p>	<p>Біліктілікті арттыру Сертификатта р</p> <p>БАҚ-та мақалалар жариялау</p> <p>Стратегия</p>
--	---	---	--

Независимое агентство аккредитации и рейтинга (IAAR)
010000, Республика Казахстан,
г. Нур-Султан, пр. Б. Момышулы 2, ВП 4Г
E-mail: iaar@iaar.kz
Сайт: iaar.agency

